

Абай ауданында жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Абай аудандық мәслихатының 2016 жылғы 14 наурыздағы 54 сессиясының № 54/591 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 15 сәуірде № 3754 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай ауданының мәслихатының 2020 жылғы 13 шілдедегі № 66/708 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай ауданының мәслихатының 13.07.2020 № 66/708 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және 1995 жылғы 17 наурыздағы "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" Зандарына сәйкес, Абай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТИ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Абай ауданында жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібі қосымша реттелсін.

2. Абай аудандық мәслихатының 2011 жылғы 1 наурыздағы 33 сессиясының № 33/395 "Абай ауданында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрацияларды өткізу дің тәртібін және орындарын қосымша регламенттеу туралы" шешімінің (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 8-9-102 болып тіркелген, 2011 жылғы 12 наурыздағы № 10 (3861) "Абай-Ақиқат" аудандық газетінде жарияланған) күші жойылсын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрагасы

*Абай аудандық
мәслихатының хатшысы*

P. Мұсагалиев

Б. Цай

КЕЛІСІЛДІ:

"Абай ауданының ішкі саясат,
мәдениет және тілдерді дамыту
бөлімі" мемлекеттік
mekemesінің басшысы

B. Аксанова

2016 жылғы 14 наурыз

Абай ауданында жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізуудің қосымша тәртібі

1. Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар, сондай-ақ оларға қатысушылардың сөз сейлеуі өтініште көрсетілген мақсатқа сәйкес, белгіленген мерзімде және келісілген жерде өткізіледі.

2. Митингілер және жиналыстар өткізілетін орындар: Абай қаласы, "Нұр Отан" партиясының аудандық филиалы ғимаратының алдындағы алаң; Абай қаласы, аудандық мәдениет үйі ғимаратының алдындағы алаң; **Абай ауданы, Топар кенті, "Энергетик"** мәдениет үйі ғимаратының алдындағы алаң.

3. Шерулер мен и демонстрациялар мына маршрут бойынша өтеді: Абай қаласы, Калинин көшесі.

4. Ауданың жергілікті атқарушы органды шараларды уәкілетті (ұйымдастырушылармен) келісім бойынша, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, көліктің, мемлекеттік органдың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың жақсы жұмысын қамтамасыз ету, азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіпсіздік болдырмау мақсатында, сондай-ақ шаралар түрі, орны мен уақыты бойынша сәйкес, бірақ басқа шаралармен бағыты және мақсаты бойынша сәйкес емес болған жағдайда, соны өткізу туралы өтініш белгіленген мерзімде бұрын немесе бір уақытта берілсе, уақытты, орынды (маршрутты) өзгертуге ұсыныс жасай алады.

5. Жиналыс, митинг, шеру, пикет немесе демонстрация өткізу туралы өтініш оны өткізуудің белгіленген датасынан кемінде 10 күн бұрын жазбаша нысанда беріледі.

6. Өтініште шараны өткізу мақсаты, нысаны, өткізілетін жері немесе қозғалыс маршруттары, оның басталатын және аяқталатын уақыты, қатысушылардың ықтимал саны, уәкілдердің (ұйымдастырушылардың) және қоғамдық тәртіптің сақталуына жауапты адамдардың тегі, аты, әкесінің аты, олардың тұратын және жұмыс істейтін (оқитын) жері, өтініштің берілген датасы көрсетіледі. Өтініштің берілген мерзімі оның ауданың жергілікті атқарушы органда тіркелген күнінен бастап есептеледі.

7. Осы жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізуудің қосымша тәртібінің 5, 6 тармақтары бұзылған жағдайда, өтініш берушіге жақадан өтініш беру жолымен жіберілген кемшіліктерді жоюды ұсынған ресми жауап беріледі. Жаңа өтінішті қарau мерзімі түскен күнінен бастап есептеледі.

8. Ауданың жергілікті атқарушы органы жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу туралы белгіленген тәртіпте берілген етініштер бойынша, оларды қаастыру шенберінде, көтерілген мәселелерді талқылау және қарau үшін ұйымдастырушыларға альтернативті аландар ұсынады.

9. Бас тарту жағдайында ұйымдастырушыларға барлық дайындық іс-шараларын болдырмау жөнінде және потенциалды қатысуышыларды тиісінше хабарландыру жөнінде тез арада шаралар қабылдауын жазбаша көрсетеді.

10. Жиналыстарды, митингілерде, шерулерді, пикеттерді, демонстрацияларды өткізу кезінде уәкілдер (ұйымдастырушылар), сондай-ақ басқа да қатысуышылар қоғамдық тәртіпті сақтайды.

11. Шараларды ұйымдастырушылар мен оларға қатысуышылардың:

1) көліктің және жаяу жүргіншілердің қозғалысына бөгет жасауына;

2) елді мекеннің инфрақұрылым объектілерінің ұздіксіз жұмыс істеуіне кедергі келтіруіне;

3) ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдардың рұқсатынсыз киіз үйлер, шатырлар, өзге де уақытша құрылыштар тұрғызыуына;

4) шараны өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуші мемлекеттік органдар өкілдерінің қызметіне кез келген нысанда араласуына;

5) жасыл желектерге, шағын сәулет нысандарына залал келтіруіне;

6) өзімен бірге сұық қаруды, атыс және өзге де қаруды, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қарсы, азаматтарға және занды тұлғалардың меншігіне материалдық залал келтіру үшін пайдаланылуы мүмкін арнайы жасалған немесе бейімделген заттарды алып жүруіне;

7) егер жиналысты, митингіні, шеруді, пикет қоюды немесе демонстрацияны өткізуіндегі мақсаты нәсілдік, ұлттық, әлеуметтік араздықты, діни төзімсіздікті, тектік астамшылықты қоздыру, республиканың конституциялық құрылышын күш қолданып құлату, аумақтық тұтастығына қол сұғу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституациясының, зандары мен өзге де нормативтік актілерінің басқа қағидаларын бұзу болса, немесе оларды өткізу қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігіне қатер төндіретін болса;

8) алкогольдік немесе наркологиялық масаю жағдайында қатысуға жол берілмейді.

12. Жиналыс, митинг, шеру, пикет немесе демонстрация өткізілетін жерлерде алкогольдік ішімдіктер ішуге, есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, олардың үйлестіктерін, прекурсорларды пайдалануға; қоғамдық тәртіпті бұзуға,

қоғамға қарсы мінез-құлышқа және басқа құқық бұзушылыққа шақыратын транспоранттар, ұрандар, басқада материалдар пайдалануға (визуалды, аудио/видео), сондай-ақ, көпшілік алдындағы сөздерге жол берілмейді.

13. Пикеттер өтініште көрсетілген мақсаттарға сәйкес өткізілуі тиіс.

14. Пикет өткізу кезінде:

1) пикет өткізу объектісінің жанында түруға, отыруға;

2) көрнекі үгіт құралдарын пайдалануға;

3) қысқа ұрандар айтуда, пикеттің тақырыбы бойынша ұрандар айтуда рұқсат етіледі.

15. Қоғамдық тәртіпті, сондай-ақ пикеттерге қатысуышылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ауданның жергілікті атқарушы органы бір күнде, бір ауқытта және бір үшеуден аспайтын жеке дара пикетті өткізуге рұқсат беруі мүмкін.

16. Қоғамдық тәртіпті, сондай-ақ пикетшілердің өздерінің қаупіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында түрлі жеке дара пикеттерге қатысуышылар бір-бірінен 50 метрден кем емес қашықтықта орналасуы немесе бір-біріне айқын көрініп тұруы қажет.

17. Пикеттің тұрпатын өзгерту/өзге тұрде жалғастыру үшін жергілікті атқарушы органдың белгіленген тәртіптерінде рұқсатын алу қажет.

18. Бұқаралық шараларды темір жол, су және әуе көлігінің объектілерінде, сондай-ақ мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдардың (қалалық қоғамдық көлік, сумен, электр қуатымен, жылумен және басқа энергия көздерімен жабдықтау) жанында, денсаулық сақтау мен білім беру мекемелерінің жанында өткізуге жол берілмейді.

19. Егер: өтініш берілмеген болса, тыйым салу туралы шешім шығарылса, өткізу кезінде көзделген тәртіп бұзылған жағдайда, сондай-ақ азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп төнетін, қоғамдық тәртіп бұзылатын жағдайда жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар ауданның жергілікті атқарушы органы өкілінің талап етуі бойынша тоқтатылуы тиіс.

20. Ауданның жергілікті атқарушы орган өкілінің талабын орындаудан бастартылған жағдайда, оның нұсқауы бойынша ішкі істер органдары тарапынан жиналысты, митингіні, шеруді, пикет қоюды және демонстрацияны тоқтату бойынша қажетті шаралар қабылданады.